

ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Жак Деррида: нақты дүниені
деконструкциялау. 3-бөлім

4-тарау. Қазіргі философия



Деконструкция

Деррида өзі дұрыс емес деп түсінген, ақыл-ой патшалығына негізделген бүкіл Батыстық философиялық дәстүрге соғыс жариялаған сияқты. Мұны «логоцентрлік ізденіс» деп атайды. Яғни ойдың ішкі мәнін білдіру үшін ең қажетті, мейлінше сәйкес сөзді – ақыл-ойды көзге көрінетіндей деңгейге көтеретін сөзді табу жолындағы ізденіс.

Логоцентризм нақты дүниені мүмкіндігінше жетілген түрде: дүниенің болуын, сөздегі мағынаны бейнелейтін нағыз рационалды тілге ұмтылды. Деррида мұндай түсініктің шын мәнінде тирандық сипатта болатынын атап өтті. Ол белгісіз нәрсенің бәрін басып-жаншу арқылы ғана жүзеге асырыла алады.

Шынында да, кейбір ойшылдар осы себепке сүйене отырып, адам танымы, әртүрлі ойлау формалары саласынан, мысалы Платон поэзияны, Юм теология мен этиканы, Витгенштейн өнерді, дін мен метафизиканы және этиканы шығарып тастады.

Мағына – белгілерге тән емес; ол белгілердің сыртқы келбетінде тұрған жоқ. Құрылымдық лингвистика қатты әсереткен ойшылдар мағына – символдар арасындағы өзара қатынастардың нәтижесі деп үнемі атап көрсетіп отырады. Ал Деррида болса одан әрі тереңдей түсті. Кез келген мағынаның құрылымы осы мағынаны іздейтін және оны өздері жасайтын адамдарды қамтуы тиіс. Мағынаға сырттан қарау арқылы ғылыми тұрғыдан бағалайтын ешқандай рационалды ұстаным жоқ. Мағынаны іздеуші біз өзіміз жасайтын мағыналарға ғана қатысамыз. Деррида: «Мәтіннен тысқары ештеңе жоқ» дегенде, ол түсіндірудің біз қолданатын барлық тәсілдері мен ережелері туралы айтып тұр.

Деконструкциялау – сөзбе сөз мағынасы «құрылымды бөлшектеу», «құрылымды сөгу» деген мағынаны білдіретін Деррида бастаған Деконструкция ағымының тірек сөзі, негізгі тұғырнамасы болып есептеледі. Дегенмен бұл сөз алғаш рет Мартин Хайдеггердің әйгілі «Болмыс және уақыт» еңбегінде deconstruction формасында ыдырату, жәркемдеу, түсіндіру мағынасында қолданылған.

Ол бұл негізде оған тағы жоғалту, өзгешелендіру мағыналарын қосты. Оның ойынша жазуды деконструкциялау үшін тілді сөйлейтін субъектінің функциясы деп түсінуден бас тарту керек. Субъектінің өзі жоқ болудың қалыптасуының, жазудың бейсаналылығы қалыптасуының өнімі. Жазу қағидалы түрде субъектісіз. Көне Өсиет, Құран сияқты беймәлім жағдаят. Субъект – бұл жазудың машығы үстінен өзінің бастауы ретінде қанат қаққан және бұл бастауды өз мақсаттарына бағындыруға, одан өшіріп тастауға дәйім ұмтылатын күрделі идеологиялық құрылым. Бірақ субъектінің идеологиясы жазудың машығымен қиратылады. Жазу оның жазған авторы өлгеннен кейін де тіршілігін жалғастыра береді, мәңгі өлмеске айналады.

Деррида тілдік ұғымға анализ жасаудан бастап, метафизикалық қатып қалған құрылымдарды сөгіп, олардың орталық тірек нүктелерін жоюға тырысуды деконструкциялау амалы ретінде орнықтырды. Бұл құрылымданудың тоқтауы, іргесінің сөгілуі, бөлшектерінің ыдырауы болып, аталған мәтіннің астарын анық түсінуге көмектеседі. Былай желіп өте шығатын ойлар мұнда тоқтап, сол ойға себеп болатын негізгі түйіншектер шешіліп, оның астарындағы сыр ашыққа шығады, міне бұл деконструкция амалы болмақ. Әрине, әр кезек деконструкция жасаудан жаңа құрылым қалыптасады, әрбір оқырман әрбір шығарманы қайта оқыған сайын жаңадан оның мағынасын сөгіп, жаңа түсініктерді байқайды, мұнда бір түрлі ақылды түсіндіру ендігі жерде өте бір «дөрекі», «жалаң», «шекті» түсіндіру екені белгілі болады.

Деконструкция көп мағыналы, күрделі ұғым. Тек бір түрлі түсіндірумен оның мағынасын түгел қамту мүмкін емес, және бұл деконструкциялау әдіснамасының негізгі рухына қайшы. Онда кез келген ұғым адамға әркезде өзінің әртүрлі қабатын ашып отыруы керек. Деконструкция әрі жасампаз герменевтика, әрі өзгешелену Дерриданың өзгешелік бойынша деконструкциялау амалын жасампаз түсіндіру (герменевтикалау) әрекеті деп атауға да болады. Оның ойынша, барлық түсіндіру әрекеті мәтіннің алғашқы шығармашылығынан бұрын және өзгеше, яғни оқу дегеніміз қате оқу болмақ. Демек, деконструкцияны түсіну үшін міндетті түрде өзгешеленуді түсіну керек.

Бірақ бұдан бұрын ескеретін бір мәселе бар. Деконструкцияның мағынасын түгел қамту мүмкін емес, дегенмен деконструкция сонымен бірге, құрылымды бөлшектеу, сөгу ғана емес. Латынша *struere*, *destruere* және *construere* қабаттап жинау, ретке келтірумен байланысты,



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 25. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 3-бөлі

мысалы, құрылыс материалдарын жинау, реттеп қою, ғимарат салу, әскерді сапқа тұрғызу, сөзді жүйелеу сияқты мағыналарды да білдіреді. Сондай-ақ, бұл сөз – құрылымды бұзу, сегу ғана емес, бір нәрсені, мәселен құрылыс нысанын арнайы реттілікпен сүру, орнын тазалау мағынасын да береді, яғни деконструкция тәртіптеу, реттеу, құрастыру, бұзу, тазалау, бөлу, жіктеу, бірақ, ол құрылыс заттарын емес, басқалай ешбір мүмкіндік қалмаған жағдайда мән-мағынаны деконструкциялау, қалпына келтіру деген сөз. Сонымен бірге деконструкция басқа ойлауды терістеп, өзгенің пікірін жалған деп санамайды, өзінің түсінігін біреуге апарып та таңбайды. Ол мәселеге байланысты қандай да бір шешімді табуға тырысады.

Себебі Деррида бойынша, деконструкция дегеніміз – әділеттілік, ал әділеттілік ол – деконструкция. Ол шешім деген сөзге ерекше мән береді. Өйткені әділеттілік ол деконструкция, себебі, ол бәріне ортақ ереже, өлшем, әділеттілік ұғымын нақты болжамдай алмаған, үкімін кесіп айтпаған күннің өзінде, әділеттілік пен әділетсіздіктің арасын қақ жаратындай құқықтың негізі бола алатын жаңа шешім болуы тиіс.

Осында деконструкцияны соттардың іс-әрекетімен салыстыруға болады. Соттар мысалы, барлық адамдарға заң бір болғанымен әртүрлі жағдайларда олардың әрқайсысын егжей-текжейлі тексере отырып, әрбір іске байланысты қара қылды қақ жаратын әділ үкім айтып, шешім шығаруға міндетті.

Батыстық ойлаудағы деконструкция Сократтан басталады деуге болады.

Сократ өзінің ештеңе білмейтіндігін ғана білетінін айтады. Бірақ ол ештеңе дегенде мүлдем надан, көрсоқырлығын емес, әлденені білетінін айтып тұр, яғни ол білім дегеніміздің не екенін, және ол қандай болуы керектігін біледі. Демек, ол жалпыға бірдей білім дегеніміз не деген сауалға жауап болатын білім өлшемін, критерийін топшылап тұр. Топшылап дейтініміз, білімнің ол критерий өлшемі қазірдің өзінде білім түрлерінің ешқайсысында түбегейлі жүзеге асып, орындала қойған жоқ. Қай заманда да әр нәрсеге байланысты бәріне бірдей ортақ өлшемге тұтастай қоғамды келістіре қою қиынның қиынны болған. Сократ жағдайында да оның ойлары гректік полистік тәртіп пен сол кездің идеологиясына қайшы келген. Соның өзінде Сократ білім критерийлерін құрастырып, сол арқылы заманындағы шынайы білім деп саналғанды деконструкциялайды, яғни Сократтан бастап батыстық ойлау білім мен білімсіздікті ажырату арқылы мәдениетті деконструкциялауды бастайды.

Жоғарыда айтылды, Деррида бойынша тілдің екі формасы да, яғни сөйлеу де, жазу да – символдар, белгілер болып табылады. Ол белгілер де өзіндік шынайы мән-мағынаны иеленеді деп есептеді. Бірақ сол мән-мағынаның ақиқаттығын дәл басып анықтау ешқандай мүмкін емес. Себебі біз белгілер арқылы ойлаймыз, әр нәрсеге мән-мағына береміз. Бірақ ол белгілер бірін-бірі үздіксіз алмастырып жатады. Соңында келіп, белгінің бастапқыда білдірген шынайы мағынасынан адасып қаламыз. Ал ол шынайы мағынаны бәріне бірдей түсінікті, мәңгі өзгермейтін етіп бір белгіге таңып қоя алмаймыз. Сондай-ақ белгінің өзі өзгермейтін, тұрақты болғанымен ол білдіретін мән-мағына өзгеріп кетуі мүмкін. Сөйтіп бәріне бірдей ортақ білімнің болуын айқындау мүмкін емес болып шығады. Бұл деконструкциядағы ең негізгі парадокс деуге болады.

Сонымен, Деррида батыстық метафизикадағы сөйлеудің жазудан, дауыстың хаттан басымдығын терістегенде хаттың басымдығын көрсетіп, оны жай ғана ақтап алғысы келмейді. Хаттың сол арқылы бастапқы мағынаны табуға, белгіге қайта оралуға мүмкіндік беретінін бағамдайды. Ол үшін Деррида хатқа дейінгі, бірақ, өзі ешқандай жазу да, хат та болып табылмайтын, алғы мәтін ретіндегі «көне жазу» яғни «архи-хат» ұғымын ендіреді. Бұл алғы мәтін, хат ретіндегі көне жазу бәрінен бұрын болған хаттың бар болуының алғы мүмкіндігі. Бұл мүмкін жазуды Сократ көрсеткен, яғни ол ештеңе жазбаған. Сократ мысалы пікірталастарында өзінің диалектикалық тәсіліндегі ирониясы, майевтикасы, индукциясы арқылы сұхбаттасушыны ақыр соңында өзінің алдыңғы ойларына қайшы келетіндей қорытындыға келуге әкеліп отырған. Бұл оның пікірлесуші білімін деструкциялауы болып табылады, яғни сұхбаттасушының білімін, әлдене жайлы қалыптасып кеткен түсінігінің құрылымын сөгіп, бөлшектейді. Осыдан кейін бастапқы мән-мағынаға қайта оралу мүмкін болмайды, себебі, құрылым өзгеріске ұшырайды, бар нәрсе бірін-бірі ығыстырып әкетеді. Деррида осы әу баста болып, кейіннен ығысып кеткен, және оны қайтару ешқандай мүмкін емес бастапқы мағынаны «із» деп атайды. Кейінгі мағыналар да өз кезегінде шынайы мән-мағына бола алмайды, себебі, олар да сан мәрте



осындай өзгеріске ұшырайды. Сондықтан да Дерриданың ойынша, шынайы мән-мағына деп ойлағанымыз тек сол уақытта, сол жерге ығыса отырып келіп қалған мағына болуы мүмкін. Деррида осы өзгешеленуді *différance* және кеңістіктегі сейілу *dissemination* деп атайды.

Өзгешелену

Өзгешелену (*différance*) үздіксіз өзгешелік (*difference*) қалыптастыратын еркін ойын немесе көрсетілім, қойылым, ол өзгеше болу атаулының бастау көзі. Бұл қайнардың өзгешелігі (*originary différance*) туғызған өзгешелену, бірақ бұл қайнар мәңгі толысып тоқтамайтын күрделі нәрсе, сондықтан қайнар (*origin*) сөзі сай келеді деуге де болмайды.

Дерриданың өзгешелену идеясы Фридрих Ницшеден, Зигмунд Фрейдтен, Мартин Хайдеггерден, Жан Лаканнан, Леви-Стросстан шабыт алғаны анық.

Өзгешелену бейнебір бөтен бейсаналық шүңеті секілді; ол рационалды да, феноменологиялық та емес, ашық саналық, немесе нақты осындағы бар болу да емес ол бейне Ницшенің билік еркі, Фрейдтің жасырын санасы секілді бейсаналы еркін ойын алаңы іспетті.

Барлық рационализм мен метафизика түгелдей осы түрдегі өзгешеленудің ойын өрнегі ғана. Дегенмен батыс метафизикасы жасанды негізге құрылған. Философия сол жасандылықты жойып, өзгешелену әлеміне енуі керек. Бірдейлік рационалды философияның ерекшелігі болса, өзгешелену әу бастағы қайнардан басталған шынайылық.

Мұнда бір атап өтерлігі, Деррида өзгешелену (*différance*) делінетін қос мағыналы сөз арқылы фоноцентризмдік «біртұтастық» сөзінің орнын бастырды. Өзгешеленуде екі негізгі мағына бар: бірі уақыт жағындағы іркілу, екеншісі айырмашылық, яғни ол уақыт іркілісін туғызған айырмашылықтың ерікті әрекеті және бір жағынан айырмашылықтың нәтижесі. Өзгешелік өзгешеленудің уақыттағы іркілуінен пайда болады, демек өзгешелену үздіксіз өзгешелену мағына туғызады немесе мұнда мағынаның қозғалысы толастамайды. Жазудың бұлдырлығы мен бөтен мағыналылыққа орай өзгешелену ойыны мәтіннің жасампаз түсіндірілуіне ұласады. Ол толық еркін, шексіз, шахмат ойыны секілді мағынаның жаңалануы.

Деконструкция және аударма мәселесі

Деконструкцияның басты мәселесі аудармамен байланысты. Деррида өзінің «Жапондық досқа хат» деген шығармасында осыны айтады. Деконструкция идеясы оның «Грамматология туралы» еңбегінде туындаған болатын. Бірақ оның уақыт өте ең басты бағдарламаға айналатынын идея авторы білмеген. Сондықтан кейінгі ізденістерінде деконструкцияның аударма мәселесіне де тікелей қатыстылығы айқындала түседі.

Жак Дерриданың «Бабыл мұнаралары айналасында» деген аударма мәселесін қозғайтын арнайы мақаласы бар. Қарастырмақшы болып отырған шығармасында Деррида тілтанудан, хаттанудан алыс кете қоймаған, сонымен тікелей байланысты деуге болатын аударма философиясына үңіледі. Ол аударманы «рәмізділік оқиғасы» деп атайды. Дерриданың метафизиканы әшкерелеудегі сыни-философиялық ұстанымы – деконструкция. Бұл тәсіл сын объектісін жоқ етуге тырыспайды. Керісінше, оны тас-талқан етіп шашып, бөлшектерінің бүгешүгесіне дейін жетіп барып, қайта басын қосып, жаңаша «тірілтуге», оған басқаша кейіп беруге бейім болады. Әдетте, деконструкциялау объектісіне метафизикалық жүйелер, философиялық дискурстар тиесілі болған.

Дерриданың «Бабыл мұнаралары айналасында» шығармасынан алынған эпитомалардан, яғни сөзбе-сөз берілмесе де автордың негізгі ұстанымдарын танытатын үзінділерден біз оның аударма теориясына байланысты ойларының астарын, яғни оның тілге, хаттың түпнегізіне деген қатынасын анық байқаймыз. Қарастырылайын деп отырған шығарма Вальтер Беньяминнің «Аудармашының міндеттері. Бодлердің «Париж суреттемелерінің» аудармасына алғысөз» деген еңбегін талдау негізінде жасалған. Вальтер Беньямин 1892–1940 жж. аралығында өмір сүрген неміс философы, әдебиет білгірі және мәдениеттанушысы. Ол «Жалпы тіл туралы және



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 25. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 3-бөлі

адамзат тілі туралы», «Неміс трагедиясының пайда болуы», «Техникалық репродукциялау заманындағы өнер туындылары» атты және т.б. философия, поэзия, көркем эстетикалық таным, шығармашылық философиясына қатысты көптеген шығармалардың авторы.

Жак Деррида «Бабыл мұнаралары айналасында» деген шығармасында «Бабыл» атауының өзін қарастырудан бастайды. Ол үшін Бабыл – мифтің мифі, аударманың аудармасы, метафораның метафорасы. Өйткені ол атау тікелей «Бабыл мұнарасы» туралы аңызға сілтері анық. Ол аңыз бойынша, Құдайға мойынсұнбаған адамдар өздерінің даңқын асыру үшін үлкен де әсем қала салып, оның ішінде «аспанға жететіндей» биік мұнараны тұрғыза бастаған. Бірақ бұндай өркөкіректікке салынған балаларына көңілі қалған Құдай бабылдықтар сөйлейтін ортақ тілді шатастырып, адамдарды жер бетіне бытыратып, шашып жібереді.

Пайғамбарлар жазбаларында және Інжіл Аянда Бабыл қаласы опасыз әйел деп те аталады. Қала өзін мәңгі қауіпсіз сезініп, пендешілікпен дандайсыған адамзаттың Жаратқан Иемен арасындағы байланысына жасаған опасыздығының өрескел бейнесі ретінде қабылданады. Бабыл – адамзаттың алуан тілділігін, соның нәтижесінде, адамдар арасында «жалпы адамзаттық мұнара» сияқты ешбір ортақ құрылыстың болуының немесе ондайдың түгелдей жүзеге асуының болмайтындығын астарлайтын метафора-бейне. Нәтижесінде Бабыл ойдан-қырдан жиналған жандардың бірін-бірі түсінбейтін құж-құж араласуын білдіретін жалпы атауға айналды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Вальтер Беньямин Бабыл атауының жалпыға белгілі осы бір түсініктемесінен алшақтап, оған басқа қырынан қарайды.

Ол Вальтердің «Философиялық сөздігіндегі» Бабыл атауының әке есімі, Құдай-әкенің өзінің есімі екендігі туралы айтқанына сүйене отырып, осы аңыздан аударма мәселесіне қатысты терең ой тұжырымдайды. «Атау есімдер ғана болған уақытта бір-біріңді түсіне алмадың, олар жоқ болған кезде де – түсінбейсің». Демек, Құдайдың өз атын берген қаласы адамзаттың бастапқы тілдік бірлігі, яғни түбегейлі ортақтығы туралы жорамалға негіз бола алады.

«Тілдік сый шашу» еткен Құдай артынша-ақ өзімсінген балаларының тілін араластырып кеп оларды өзара бірін-бірі түсінбейтіндей етіп шатастырып барып, жер бетіне таратып жіберген. Сол мезеттен бастап аударма әрі керек, әрі толық жүзеге асуы мүмкін емес әрекетке айналады. Бұл ерекше архетиптік және аллегориялық мысал – Бабыл мұнарасы туралы аңыз – аударманың барлық теориялық мәселелеріне кіріспе бола алады.

Сонымен Деррида Вальтер Беньяминнің аудармашы миссиясы туралы, міндеті, парызы, жауапкершілігі туралы айтқандарына зор ықыласпен тоқталады. Вальтер Беньяминнің бейнелі сөз саптасы бойынша, аудармашы қарыз алған адам іспеттес, ол – аударылуға алынған мәтіннің қарыздары. Оның міндеті – қайтадан әкеліп берілуі тиіс аманатты «жоғалтпау». Аудармашының күш-жігері немен бітерін алдын ала біліп болмайтын қиын әрекетке, кейде қателікке, кейде, тіпті, қылмысқа да бастайтындай әрекетке жұмсалады дейді ол. Вальтер Беньямин пайдаланған сөздер арасында басынан бастап «орнын толтыру», «мағынаның орнын толтыру» деген тіркес назар аударады. Оны түсіну үшін белгілі бір уақытқа дейін сый мен қарыз лексикасын ұстанамыз. Бұндағы қарыз өтелместей болуы да ықтимал. Ол – «ауыспалылықтың» бір түрі. Эссенің орта шенінде Вальтер Беньямин мағынаның орнын толтырудың мүмкін еместігі туралы да айтып қалады. Осы алғысөзіндегі айтпақ маңызды ойларының бірі – бұл XIX ғасырдың тарихи лингвистикасына тәуелсіз, бірақ оған мүлде жат болып табылмайтын мағынада алынған тілдердің «туыстығы» туралы идея.

Өмір сүруші жан үшін еш мәнсіз өмірдің жалпы көріністері онымен өте жақын «интимді» өзара байланыста болатыны сияқты, аударма да тікелей түпнұсқадан өрбіп, дамитын өзіндік жеке шығармашылық процесс. Аударма түпнұсқадан кейін келеді және түпнұсқаның өз өмірінен кейінгі жағдайды білдіреді. Бірақ ол «өлімнен кейінгі өмір» ретінде емес, өмірдің мүлде басқалай, жаңаша жалғасуы ретінде қарастырылады. Бұл контексте заттар тілі мен адамдар тілінің арасындағы, мақау мен сөйлейтіннің арасындағы, аноним мен аты бардың арасындағы сәйкестік туралы айтылады. Аударманың объективтілігі, керек десеңіздер, алғашқы есім иесі – Құдай алдындағы жауапкершіліктен пайда болған делінеді. Айта кететін нәрсе, әрбір аудармашы аударма туралы айтуға мәжбүр. Ол үшін аудармадан маңызды ештеме жоқ.

Бірнеше тілдер арасындағы тілдік келісім – абсолютті ерекше келісім. Ол – бір тілдің қалыптасуына жауап беретін, оның жүйесінің бірлігіне және ондағы қауымдастықты өзара



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 25. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 3-бөлім

байланыстыруға ықпал ететін қоғамдық келісім емес. Бұнда сөз, керісінше, екі бір-біріне жат шет тілдерінің арасындағы келісім туралы болмақ. Сол тіларалық келісім аударманы мүмкін етеді, ал аударма, өз кезегінде, соңыра, бізге үйреншікті мағынадағы неше түрлі келісімдердің туындауына алып келеді. Осы тіларалық келісімнің топосы (мекені) – ерекше, дара топос.

Аударма бірдемені айтуға, белгілі бір мазмұнды басқа тілге ауыстыруға, мағынаның қандай да бір қорын хабарлауға талпынбайды, ол тілдер арасындағы туыстықты белгілеуге, өзінің соны белгілеу мүмкіндігінің барлығын көрсетуге талпынады. Бірақ бұл сәйкестік – тілдер арасындағы өте интимді сәйкестік – бастапқы ұқсастық қатынасы болып табылады. Бұл жерде осы туыстықтың бар құпиясы жасырынып тұр. Эсседе әңгіме атау туралы, рәміз туралы, шындық туралы, әріп туралы болмақ, сөйтіп, оның терең негіздерінің бірі – атау теориясы. Вальтер Беньямин концепциясында тіл атау беру артықшылығы тұрғысынан анықталған.

Аударма түрлі тілдер «денесін» меңгеріп алатындай «тартылыс күшіне» ие, ол – тілді кеңейтуге бастайтын құдіретті күш. Беньяминнің айтуынша, аудармада түпнұсқа ұлғая өніп, өзін бәз баяғы қалпында басқа тілде қайталағаннан гөрі жаңарып, жетіліп өседі. Өзінің поэтикалық топосын заттар туралы және тіл туралы Гельдерлиннен Рильке мен Хайдеггерге дейінгі аралықта қаншама медитацияларға негіз еткен қыш құмыра метафора ретінде өзіне-өзі тең, сәйкес метафора. Тілдің түпкі мәнінің ашылуы тілдердің түбінің бірлігін анықтайды, соны мүмкін етеді.

«Ақиқат» сөзі Вальтер Беньяминнің «Аудармашы міндетінде» бірнеше рет қолданылады. Бірақ оған жармасуға асығудың қажеті жоқ. Аударманың өз моделіне, түпнұсқасына ұқсауының аударма ақиқаттығы туралы айтары шамалы. Аударма – белгілі бір мағынада уәде деуге келетін дүние. Уәде – Құдай аты. Уәде – қашанда рәміздік мағыналы әрекет. Уәде бойынша аудармашы екі тілді әуел бастағы синкретті біртұтастықтың қос бөлігі ретінде жанастырады. Сөйтіп барып, ақиқат тіліне жол ашады. Татуласуды уәде ете алатын, ол туралы айта алатын, оны тілейтін немесе оны тілеуге мәжбүр ете алатын аударма сирек.

Аударма деп атайтынымыздың өзі, шындығында, түпнұсқа сынды бірегей жасалатын шығарма. Осы тұста оны түпнұсқадағы ақпаратты құр хабарлаудан биік дүниеге, яғни шығармашылыққа айналдыру жасырынып тұр. Осы эпизодтың риторикасын қарастырайық. «Дән» мен одан өсіп шыққан «жеміс» – екеуі де бір ғана нәрсені білдіреді деп айтуға толық сенімді емеспіз.

Осының барлығы ақиқатпен байланысты. Ол түпнұсқа мен аударма арасындағы көрінбейтін хабарлама, тіпті түпнұсқа мен аударманың қандай да бір объектіге немесе мәнге алғашқы адекваттылығы да одан тысқары жатыр. Ақиқаттың өзі мағына мен әріптер бір-бірінен ажыраспайтын бастапқы таза тіл деп ұғыну керек. В. Беньяминнің «ақиқат тілі» туралы айтқандағы интенционалды мағынасын дұрыс аудару үшін оның үнемі сол туралы немесе «интенционалды нысана» туралы пікірін түсіну қажет. Бұл категориялар Brentano мен Husserlдың схоластикасынан алынған. Олар «Аудармашы міндетінде» маңызды, өте айқын рөл атқарады.

«Ақиқат тілі» концепциясы нысананың қай жерін көздейді? Аудармадағы тілдер туыстығы өзін кез келген тарихи байланысқа тәуелсіз түпнұсқа мен оның қайталануы арасындағы кез келген ұқсастықтың арғы, жасырын жағын да көрсететіндігі туралы айтылған жерге қайта оралайық. Туыстық міндетті түрде ұқсастыққа алып келмейді. Бұл туралы айтқанда, Вальтер Беньямин де, Жан Жак Руссо, Эдмунд Гуссерль сияқты, тіл бастауы мәселесін қарастыруды назарынан тыс қалдырмайды.

Қай тіл болмасын өзінің жалғызділігінде атрофияға ұшырайды, семіп қалады деп айтуға болады. Аударманың арқасында, басқаша айтқанда, аударма – бір тіл екіншісіне үйлесімді түрде жетпейтін нәрсені беретін лингвистикалық толықтырудың арқасында осы тілдердің іштей қиылысуы олардың өсуін, тіпті «тарихтың жасалуы сынды» мессиялық істерді жүзеге асыратын «тілдердің қасиетті бой түзеуін» қамтамасыз етеді.

«Міне, тілдің осылай өсіп-өнуі бұдан былай Бабыл деп те аталады», – дейді Жак Деррида. Аударманы қажет еткізген де, оған кедергі қойған да Құдай атымен берілген жаратқанның заңы. Бірақ бұл тек бабылдық оқиға, бабылдық құрылым ғана емес. Сонымен қатар, бұл – бабылдық мәтіннің қасиетті мәтін ретіндегі «болмыстық» мәтін мәртебесі мен жағдайы.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 25. Жак Деррида: нақты дүниені деконструкциялау. 3-бөлі

Аудармада немесе әлгі аталған оқиғада екі тіл бір-бірімен бас қосып, «неке қиысып», жан-тәнімен бірігеді. Дерриданың түсінігінде аударма интермәтінділік шегі болып табылады. Аударма өз алдына өз өндірісімен айналысатын көрінеді. Түйіндеп айтқанда, тілдегі сөздердің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты болады. Көне замандарда бір тілден екінші тілге еніп, әбден қалыптасып кеткен кірме сөздер бойынша әртүрлі халықтардың ерте дәуірлерде бір-бірімен жасаған қарым-қатынастарының түрлерін айқындауға болады. Халықтың тарихымен біте қайнасқан тілдің сөздерінен сол халықтың бүтіндей өмірі, тұрмыс шаруашылығы мен негізгі ата кәсібі, тілегі мен арман-мақсаты, қуанышы мен қайғысы, рухани ізденістері аңғарылады. Келелі ой мен кең мазмұн, даналық қорытынды мен ақыл-өсиетті «аз сөздегі көп мағына» арқылы жеткізуді концепт деп атайтынымызды және де сол концептердің мәдениеттің рухани сұлбасын құрайтындығын ескергенде, концептерді тәржімалау барысында аудармашы өзінің құр сөзді, әріпті ғана емес, шығарманың мәдени ерендіктен тұратын рухын меңгергенін танытады. Ол аудармашының шынайы шығармашылық рухын паш етеді. Аудару барысында қайткен күнде интерпретация, яғни қабыл алынған мәтінді талдау әрі түсіну процесі жүріп отырады. Мән-мағына, мазмұнды қабылдау, талдау барысында қол жететін түсіну өте күрделі процесс.

Қорытынды

Құрметті достар! Ақыр соңында біз Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» кітабының мәтін мағынасын зерттеген философ Дерридаға арналған бөлімінің аяғына да келіп жеттік. Деррида тілдің қандай да бір тұрақты, өзгермейтін мағынаға арқа сүйей алмайтынын атап көрсетті. Оның «деконструкция» термині мәтіндердің мағынасын олардың ақиқат болуы мүмкін емес алғышарттардан құрылғанын көрсету арқылы анықтауды меңзейді. Мәтіннің мағынасын автордың көзқарасымен шектеуге болмайды. Батыс философиясы күмәнсіз, ақиқат мазмұнды іздеуге шырмалып қалды деп санайды Дерек Джонстон. Ол бұл ізденісті жалған, бұрыс деп түсінді. Сөздер мағынаға ие емес, олар өзінің тікелей мәнді иелену қабілетінен өзге, ықтимал мәндерге сілтеме жасаудың көмегімен «құтылады». Тіл салыстырмалы. Біз нақты дүние адам қадағалайтын табиғат жүйесімен шектелген, адам – басты құндылық, ал ғылыми әдіс – білім алу үшін қажет жалғыз құрал ретінде қарастырылған «модернистік» көзқарастан біраз алыстадық. Модернистік дүниетаным прогреске, дамуға, дәлелдерді объективті бағалайтын, өз бетінше шешімдер қабылдайтын, уақыт пен кеңістік жағдайларынан тәуелсіз, еркін адамдарға сенді. Адам өзін қоршаған заттарды қандай болса, сол қалпында білді, сыртқы беделдердің бәріне күмән келтіріліп, терең зерттелді. Жиырмамыншы ғасырдың соңына қарай адамның ойлау жүйесі өзгерді. Кейде оны постмодернистік деп атайды. Жаңа сана білімнің объективтігін және күмәнсіздігін жоққа шығарды. Барлығын қамтитын, бәрін дерлік түсіндіретін метафизикалық, діни және тарихи жүйелер құру енді мүмкін емес болып көрінді. Постмодерн адамы білімде игіліктің бар екенін мойындаудан бас тартты.

Прогреске деген сенім оты сәнді. Ақиқатқа рационалдық тәсілдерден басқа, мысалы, интуицияның көмегімен жету жиіледі. Ақиқат пен білім көбіне жекелеген адамдар қауымының сенімдері ретінде қарастырыла бастады. Ежелгі философтар адам заттардың табиғатын тек терең және реттелген ойлау процессінің арқасында ғана танып-біліп, аша алады деп тұжырымдады. Кейінгі философтар философия тек дүние туралы ойлаумен ғана емес, сонымен қатар, бақылаумен және іс жүзіндегі тәжірибелермен байланысты деп есептеді. Ал қазіргі заманға жақындау философтар философиялық талдау тілді қолданумен байланысты деп тұжырымдады. Тілдің қызметінің принциптерін зерттеу, олардың пікірінше, философиялық ойларды әрі қарай жалғастырудың шарты ретінде қажет болды. Сонан соң, мәтін оны оқырман оқып, өзіндік түсініктері мен тұжырымдарын енгізе отырып, оның бастапқы мазмұнын өзгертпейінше, ешқандай мағынаға ие емес деген пікір пайда болды. Осылайша мәтіннің мағынасы алдын ала анықталмайды, ол – потенциал, мүмкіндік қана.